



Ж а с а қ ы н н ы ң жаңа белесі

Бүгінгі әдебиет әлеміне өзіндік үнімен, шынайы тебіреніспен қадам басып келе жатқан жерлесіміз жас ақын Еркінғазы Айтбаевтың шығармашылық кеші осы сөздің мәнін тереңнен ұғындыратындай. Арқалық қаласындағы облыстық

№2 әмбебап ғылыми кітапханасында өткен бұл салтанатты кеш – жас қаламгердің алғашқы жыр жинағы «Жанымның жинағы» атты туындысының оқырманға жол тартуына арналған айтулы шара. Әдеби кешке ақынның ұстаздары мен замандас достары, шығармашылығын қолдаушы рухани серіктері, туған-туыстары, қаламдас бауырлары және мәдениет саласының өкілдері қатысты.


Шынайы шабыт пен әдеби рухқа толы бұл кеш поэзия сүйетін жандар үшін рухани мерекеге айналды. Жиналған қонақтар мен оқырмандар жас қаламгердің жан сырын ақтарған, жүректен туған өлеңдерімен танысты. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған іс-шараға поэзияға құрметпен қарайтын кітапхана ұжымы белсене атсалысты. Кеш барысында көрермендерге кітаптың QR кодпен цифрлық нұсқасы, аннотациялық бейнеролик және автор жайлы бейнежазбалар ұсынылды.

Кеш шымылдығы «AMANAT» партиясы Арқалық қалалық филиалының төрағасы Сабыржан Нұрсалиұлы Тасмағанбетовтің құттықтау сөзімен ашылды. Келесі сөз кезегі ақынның алғашқы ұстазы – Балтасар Тұрысбекұлы Ізтілеуовке берілді. Ол Еркінғазының бала күнгі әдебиетке деген ықыласы мен ізденімпаздығы, жетістіктері туралы естеліктерімен бөлісті. Одан кейін Арқалық

қаласындағы «Дала өлкесі тарихы» облыстық мұражайының басшысы Рауан Терек өзінің ақжарма тілегін білдірді.

Тұсаукесер кешінде автордың жырларын жергілікті өнерпаздар Ақгүлім Қонысбек, Елубай Думан көркемсөзбен оқып, Ернар мен Гүлжауһар және Тұрысбек Айдар ақын сөзіне жазылған әндерді орындады. Бұл көріністер көрермен жүрегінен орын тапты. Еркінғазы Айтбаев поэзия әлеміне заманауи леппен келген, әлеуметтік желілерде де кең танымал жас ақын. Оның 35 мыңнан астам оқырманы бар. Көптеген шағын шумақты өлеңдері ел ықыласына бөленіп, әнге де айналды. Оның өлеңдері – таза сезімнің, жас жүректің лүпілі. «Жанымның жинағы» – бұл бір адамның ғана емес, бір ұрпақтың тынысы, ішкі әлемі. Жинақ үш бөлімнен тұрады: «Жан жаңғырығы», «Шындық сыр» және «Жүрек әуені». Әр бөлім – автордың ішкі жан-дүниесінің көрінісі, өмір, махаббат, адамдық сезімдер жайлы терең тебіренісі. Ақынның сағыныш, үміт, рухани ізденіс сынды тақырыптарды арқау еткен жырлары оқырманды терең ойға жетелейді.

Кеш соңында кітапхана басшысы Сәуле Ахметқызы Алматова қорытынды сөз сөйлеп, жас қаламгерге сәттілік тіледі. Автор Еркінғазы Айтбаев өзінің шығармашылық жолындағы алғашқы ұстазының еңбегін ерекше атап өтіп, кітаптың лентасын қиған құрметті ұстазы Балтасар Тұрысбекұлына және ақынның өнерін қолдап келген Аманат партиясының қалалық филиалы төрағасы Сабыржан Нұрсалиұлына ибалылықпен шапан жауып, зор ризашылығын білдірді. Сондай-ақ ақын



«Жанымның жинағы» атты тұңғыш туындысын кеш қонақтарына естелік ретінде тарту етіп, алғысын білдіріп, рухани кешті ұмытылмас сәтке айналдырды.

«Жанымның жинағы» – Еркінғазы Айтбаевтың жан дүниесінің айнасы. Бұл жинақ – жаңа дәуір жастарының ішкі толғанысы мен үніне құлақ түргісі келген оқырман үшін құнды туынды. Кеш рухани әсерге толы, шынайы шабыт пен таза көңілдің алаңына айналды. Кеш қонақтары жас ақынға алдағы уақытта да толағай шығармашылық табыстар тілеп тарқасты.

Меруерт Жұмағалиева
№2 ОӘҒК библиографы